

Е. Е. Серімов, әкімшілік-құқық және Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі;

*Е. Т. Қалықов, әкімшілік-құқық және Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ішкі істер органдарының құқықтық-ұйымдастырылуын қаузаі түсіп, кешенді талдауды қажет ететін күрмеуі қалың келелі тұстары жетіліп артылады. Тігінен және көлденеңнен құрылған ішкі істер органдарының ұйымдастырылу ерекшеліктерін ежіктесек, меритократия (қызметте қабілетіне қарай ілгерілеу) мен ашықтық қағидатына негізделген жергілікті полиция қызметі де өз алдына арнаулы зерттеуді қажет етеді. Ішкі істер органдарының жергілікті халықпен жұмысын ұйымдастыру мәселесі осы қатарға жатады. Мәселен, ЕЫҚҰ (ОБСЕ) тарапынан 2008 жылы-ақ қазақстандық ІІМ-не учаскелік полиция инспекторларын орамдық (квартальных) полицейлерге ауыстыру жөнінде ұсыныс жасалған болатын¹. Бұл Астана қаласында Жоба негізінде ұсынылғанын. Қазір не күй кешіп жатқаны белгісіз. Салалық баспасөз беттерінде ол жөнінде ләм-мим сөз етілмей келеді. Ендеше құқық қорғау кеңістігіндегі жаңа құбылысқа ой жүгіртіп көрелік. Бұл жүйе жоқ жерде пайда болған емес, оның үстіне ЕЫҚҰ-ның ойлап тапқан жаңалығы да емес. Бұл өзі көне тарихтан желі тартып жатқан қызмет. Тарихқа жүгінсек, «Орамдық қадағалаушы» («Квартальный надзиратель») — қалалар аумағында 50, 100 үй қамтылған әкімшілік-полицей функциясын атқаратын Ресей империясындағы (1782 ж.) лауазымды тұлға болатын. Орамдағы қадағалаушылардың қол астында поручигі пен күзетшілері болды. Жалғыз Ресейде ғана емес, көне құлықтың көптеген елдерінде осылай еді.

Жақында ішкі істер органдарының ішкі құрылымы біртайлай өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Нақтылай айтқанда, заңлық негізде әкімшілік полиция комитеті өз қарауындағы алты бірдей қызметті жергілікті полиция қызметінің қарамағына берді. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Жергілікті полиция қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 388-V Заңына сәйкес елімізде жергілікті полиция қызметінің жаңа моделі құрылды. Бұны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» — Ұлт жоспарын орындаудың нақты көрінісі деуге әбден болатындай.

Мұнда әрбір алты ай ішінде жергілікті полиция қызметінің басшысы мәслихат алдында есеп бері отыруы көзделген. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың әкімі жергілікті деңгейде ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметінің алдына жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктегі аумақта қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойып, олардың орындалуын қадағалап, жылына кемінде екі рет ішкі істер органдары жергілікті полиция басшыларының есептерін тыңдайды. Мұны жергілікті полиция қызметін қалыптастырудың бір мақсаты мемлекет жергілікті өзін-өзі басқарудың да мүдделерін үйлестіруге ұмтылған деп түсінген абзал.

Мақаламызға арқау етіп отырған орамдағы полицей үлгісіне келейік. Бұл модельдің ең басты назарға алар ерекшелігі — полицейдің тұрғындар қауымының арасынан таңдалып, тағайындалатыны, соның өкілі болатындығы. Осындай тұрғыдан алғанда, қоғамның өзге салаларымен шендестіріп, аналогия ретінде айтсақ, бүгінде Қазақстанда жүзеге асқан әр үйге дәрігерлерді бекіту әдісін, сондай-ақ шетелдерде әбден қалыпқа түскен әр отбасының өз адвокаттары болатынын тілге тиек етуге болады. Бұның ұтымды жақтары неде? Орамдағы полицей халық қауымымен қарым-қатынастарында туындайтын барлық мәселелерге қанық болып, өзінің сәйкесті өкілеттігі шегінде дауларды ушықтырмай дер кезінде шеше білуге дағдыланар еді. Қазіргі жүйедегі бір кемшілік — тұрғындарға «ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс» полицейдің билігі жүріп тұр. Енді бұл қызметті енгізудің механизмі туралы болжам жасап көрелік. Негізінде учаскелік полиция

инспекторы сайланбалы лауазым екені белгілі. Басқаша айтқанда учаскелік полиция инспекторы жергілікті полиция басшылығының ұсынуымен халық алдында, баламалы тұрғыда тұрғылықты қауымның жиналысында, солардың қалауымен сайланады. Енді, біз ұсынып отырған модельде тұрғылықты қауымы ұсынған орамдық полицей мен жергілікті полиция қызметінің басшылығы ұсынатын учаскелік уәкіл инспекторлары лауазымына үміткерлерді қатар қойып, баламалы түрдегі сайлау арқылы демократиялық процедураларды сақтай отырып енгізуге болатындай.

Осы жерде құқық қорғау органдарында ротациялау (тең лауазымға ауыстыру) мәселесі бар. Қызметтерде болып тұратын бұл құбылысты біз сөз етіп отырған мәселеге қатысты айтар болсақ, орамдық полицияның басты ұтымдылығы полицияның община дәрежесіне түсуі дейміз, онда ротациялаудың мәні жоқ. Өйткені осы аумақта әбден қалыпқа түскен қатынастар тәжірибесі бұзылады да оны мақсатсыз етеді. Сонымен қатар орамдық полицейдің штатқа енгізілген полицейлер құрамынан әрі осы аумақтағы ұйымдар өкілдері қатарынан (консьерж, ЖМПК (КСК), т. б.) сәйкесті көмекшілері болуы тиіс. Олармен құқықтық қатынастар мен өзара әрекеттестесу процедуралары заңдық негізде реттелуі қажет. Халықты құқық қорғау қызметіне жұмылдырудың айқын бір белгісі осы демекшіміз.

Жасыратын несі бар, полицейлер мен тұрғындар арасындағы қарым-қатынас байланыста көптеген кілтипандар туындайтыны кәдік. Өйкені олар күнделікті қызметіне халықпен етене тығыз араласады. Ол полицияның мақсаты мен міндеттерінде қолға таяқ ұстатқандай айқын көрініп жатыр. Қызмет көрсетулеріне формальды қараудың салдарынан соңғы уақыттарда учаскелік полиция инспекторы да, жол-патруль полицейлері де тұрғылықты халықтың қауіпсіздігіне төндіретін қатер ретінде қабылданатын болды. Полиция қызметінде мұндай тәуекелдік тұстар көп. Құқықтық қоғам құру, полиция беделін арттыруға бар күшті салу — уақыт талабы деп білеміз.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» — Ұлт жоспарының № 31 қадамда этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне шағымданған азаматтардың арызын қарау жөніндегі қоғамдық кеңес жүйесін құру арқылы полицияның ашықтығын қамтамасыз ету ұсынылды. Бұл қоғамдық кеңестің біз сөз етіп отырған мәселеге тікелей қатысы бар екенін ашып айтып кеткеніміз жөн.

Қоғамдық кеңестің мәртебесі мен өкілеттіктері заңнамалық жолмен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» № 383-V Заңында бекітілген. Мәселен, аталған заңың 5-бабында қоғамдық кеңестерге «қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау» өкілеттіктері берілген. Халық өтініштерін қарау — орамдық полицейдің міндетінің бірі болмақ.

ⁱ Қазақстан Республикасы ІІМ әкімшілік полиция комитетінің төрағасы М. Оразалиевтің ЕЫҚҰ (ОБСЕ) стратегиялық полицей мәселелері бойынша бөлімнің сарапшыларымен кездесуі // www.mvd.gov.kz